

КМҚК "Көлік колледжі"
2021 жылы 08-13 ақпан аралығында
« Дене тәрбиесі және АӘ және ТД» ПЦК
апталығының есебі туралы
АҚПАРАТ

Дене тәрбиесі әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек.

Дене тәрбиесі тек колледждегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, колледжден де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Іс-шараның мақсаты мен міндеттері:

- салауатты өмір салтын насихаттау;
- колледж студенттерін дене шынықтыру-сауықтыру және спорт өміріне тарту;
- салауатты өмір салты мен физикалық жетілу қажеттілігін тәрбиелеуге ықпал ету;
- әр түрлі спорт түрлерінен жеңімпаздарды анықтау;

Апта аясында келесі іс-шаралар өткізілді:

- Жаңадан қабылданған 1 курс топтары арасында дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары, Оспанов К.С., Дюсембаев Ж.Б., «Спорттық эстафета» жарысын өткізді.
- Жаңадан қабылданған 1 курс топтары арасында дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары, Дюсембаев Ж.Б., Кулиманов Т.Н., «Үстел теннисі» жарысын өткізді.
- Жаңадан қабылданған 1 курс топтары арасында дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары, Кулиманов Т. Н., Каирбеков А.А., «Баскетбол» жарысын өткізді.
- Жаңадан қабылданған 1 курс топтары арасында дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары, Жумашулы М., Канапьянов А.К., «Ату бойынша» жарыс өткізді.
- Жаңадан қабылданған 1 курс топтары арасында дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары, Кайырбеков А.А., Дюсембаев Ж.Б., «Волейбол» жарысын өткізді.

«Дене тәрбиесі және АӘ және ТД» ПЦК апталығы аясында өткізілген іс-шаралардың жалпы қорытынды есебі бойынша жүлделі орындарды топтар төмендегідей бөлісті:

I орын - 11 ТРк тобы

II орын - 12 ТРэк тобы

III орын - 13 ТРэк тобы